

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 665 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 1014 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 665 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 27, 342-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы "15 қазан" деген сөздер "31 желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулыны орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетін Қазақстан Республикасының аумағынан дизель отынын әкетуге тыйым салу мерзімі ұзартылғандығы туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі